

Қазақстан Республикасының салық салу мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 16 шілде N 440

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201-202-құжаттар; 1998 жылы 15 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы" 1998 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1998 жылы 26 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелерді қаржыландыру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1998 жылы 29 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1998 жылы 30 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының салық әкімшілігін жүргізу мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылы 1 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылы 1 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" заң күші бар Жарлығына

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 31 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Заңы

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы";

2) кіріспе алып тасталсын;

3) бүкіл мәтін бойынша "Жарлықтан", "Жарлықтың", "Жарлықта", "Жарлыққа", "Жарлықпен", "Жарлық" деген сөздер тиісінше "Заңнан" "Заңның", "Заңда", "Заңға", "Заңмен", "Заң" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 2-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Осы Заңда көзделген, есептелген және төленбеген айыппұлдар мен өсімақыларды төлеуден босату немесе олардың сомасын азайту осы Заңға толықтырулар енгізу тәртібімен жүргізілуі мүмкін. Есептелген және төленбеген айыппұлдар мен өсімақыларды, оның ішінде жеке сипаттағыларын төлеуден босатуды немесе олардың сомасын азайтуды басқа актілермен беруге тыйым салынады.";

5) 3-бапта:

баптың атауы "алымдар және" деген сөздерден кейін "басқа да" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

"алымдар және" деген сөздерден кейін "басқа да" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша "эмиссиясын тіркегені" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) бірыңғай жер салығы";

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) заңды (мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекеттік мекемелер мен коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда) және жеке тұлғалардың "Қазақстан", "Республика", "Ұлттық" деген сөздерді (түбір сөз, сондай-ақ олардың кез келген туынды сөзі түрінде) өздерінің фирмалық атауларында, қызмет көрсету таңбаларында, тауар таңбаларында пайдаланғаны үшін алым";

17) тармақша "жеке тұлғалардың" деген сөздерден кейін "ставкасы есептеу базасының 1 процентінен жоғары белгіленбейтін" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ "11)-15)" деген цифрлардан кейін ",16-1)" деген цифрлармен толықтырылсын.

б) 5-бапта:

20) тармақша "кредиттер," деген сөздерден кейін "лизингке (қаржылық жалға)

алынған мүлік," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 45) - 48) тармақшалармен толықтырылсын:

"45) "күмәнді міндеттемелер" - сатып алынған тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) бойынша туындаған және туындаған кезден бастап екі жыл ішінде қанағаттандырылмаған міндеттемелер;

46) "сатып алу бағасы" - салық салу мақсатында өзіне тауарлардың сатып алу құнын, сондай-ақ тауар (жұмыс, көрсетілетін қызмет) берушілер қосымша құн салығының сомасын көрсете отырып, салық шотын-фактурасын қойған және қосымша құн салығының сомасы осы Заңға сәйкес есепке алынған, оларды сатып алу мен сатуға байланысты шығыстар құнын қамтиды;

47) "электрондық құжат" - белгіленген электрондық форматта жасалған және берілген, электрондық санмен қолтаңба түсіру арқылы шартбелгі салынып, расталған және ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінде іске қосылып, түпнұсқаландырудан өткеннен кейін бастапқы құжат күші бар құжат;

48) "электрондық қолтаңба" - электрондық құжаттардың

түпнұсқалылығын, тұтастығын және авторлығын қамтамасыз ететін арнайы криптографиялық құрал."

7) 6-бап мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Табыс салығын төлеушілерге өзі өндірген тауарларды өткізуден түсетін кірістер бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер жатпайды.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі заңды тұлғаның арызы бойынша оның бөлімшелерін дербес салық төлеушілер ретінде қарай алады.";

8) 11-бапта:

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) күмәнді міндеттемелер бойынша кірістер;"

мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) осы Заңның 138-1-бабына сәйкес бағаларды түзетуден түсетін кірістер.";

9) 13-баптың 3) тармақшасындағы "бағалы қағаздарды" деген сөздер "акцияларды" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңды және жеке тұлғалардың жылдық жиынтық табысынан, осы Заңға сәйкес шегеруге жатпайтын шығыстарынан басқа, оны алуға байланысты барлық шығыстары шегеріледі.

Осы Заңмен нормалар шегінде шығыстарды шегеруге жатқызу жағдайлары белгіленуі мүмкін.

Шегеру кәсіпкерлік қызметтен табыс алуға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар болған жағдайда жүзеге асырылады.";

11) 20-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 8-жолмен толықтырылсын:

"8. Коммуникация жабдықтары:

коммутация мен деректер берудің цифрлы
электронды жабдығы, берудің цифрлы
жүйелерінің жабдығы, байланыстың
цифрлы өлшеу техникасы 25

жер серігі, ұялы байланыс, радиотелефон,
пейджинг және транкинг байланысы жабдығы 15

байланыс желісі, коммутация мен беру
жүйелерінің жабдығы 10";

7-тармағының екінші бөлігіндегі "Инфляция деңгейінен" деген сөздердің алдынан " Құрылысы Қазақстан Республикасының үкіметтік кепілдігімен қамтамасыз етілген шетел валютасындағы заем қаражаттарымен жүзеге асырылған үй-жайдың құнын осы заем қаражаттарын қайтару кезінде туындайтын теріс бағамдық айырмашылық сомасына қайта бағалау сомаларын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

12) 23-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"23-бап. Табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге және өндіруге дайындық жұмыстарына жұмсалған шығыстар

1. Бағалау, жайластыру жөніндегі шығыстарды, жалпы әкімшілік шығыстарын және жазылу жүргізілетін бонус пен коммерциялық табу бонусын төлеуге байланысты шығыстарды қоса алғанда, пайдалы қазбаларды геологиялық зерделеуге, барлауға және өндіруге дайындық жұмыстарына жер қойнауын пайдаланушы жұмсаған шығыстар жеке топ құрайды және жер қойнауын пайдаланушының қалауынша белгіленген нормалар бойынша пайдалы қазбаларды өндіру басталған кезден бастап амортизациялық аударымдар түрінде жиынтық жылдық табыстан шегеріледі, бірақ олар осы Заңның 20-бабының 3-тармағында белгіленген 2-топтың негізгі құрал-жабдықтары амортизациясының шекті нормаларынан аспауы тиіс.

Осы шығыстар, пайдалы қазбаларды сату кезінде алынған табыстарды (

тәжірибе-өнеркәсіптік мақсаттарда өндірілгендерінен басқасын) жылдық жиынтық табыстардан осы Заңның 13-бабына сәйкес алып тастауға жататын табыстарды және осы Заңның 34-бабына сәйкес салық салудан босатылған табыстарды қоспағанда, табиғи ресурстарды геологиялық зерделеуге және өндіруге дайындық жұмыстарын жүргізу кезеңінде жасалған келісім-шарт шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша жер қойнауын пайдаланушы алған табыстар сомасына оларды азайту арқылы түзетілуге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген тәртіп табиғи ресурстарды геологиялық зерделеу, әзірлеу немесе пайдалану құқығын алуға байланысты салық төлеушінің материалдық емес активтерге жатқызылған шығыстарына да, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушы бюджетке іс жүзінде төлеген келісім-шарттық аумақтарда мемлекет жұмсаған тарихи шығындарды өтеу сомасына да қолданылады.";

13) 27-баптағы "бес" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 34-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы "Қызыл Крест қоғамы," деген сөздерден кейін " Қазақстан Республикасының "Чернобыль" Одағы" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

", сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

"проценттер" деген сөзден кейін "; зейнетақы активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырудан алынған инвестициялық табыс есебінен қалыптасқан жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 37-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Есептелген салық сомасы жиынтық жылдық табыс пен жасалған шегерімдер туралы декларацияда көрсетіледі.";

16) 52-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Резидент емес-заңды тұлғаның тұрақты мекемесі жиынтық жылдық табыс пен есепті кезеңде жасалған шегерімдер туралы декларация ұсынылған күннен бастап 10 күн ішінде, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей, осы тұрақты мекеменің таза табысына салық төлейді.";

17) 55-бап мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Өзі өндіретін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату жөніндегі айналым бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер қосылған құнға салынатын салық төлеушілерге жатпайды. Өзі өндіретін тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сату жөніндегі айналым бойынша бірыңғай жер салығын төлеушілер қосылған құн салығын төлеуді осы бөлімге сәйкес жалпыға белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.";

18) 57-баптың екінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі "жағдайда" деген сөзден кейін "

өткізу жөніндегі айналым үшін пайдаланылған осы Заңның 64-бабында аталған тауарлардан (жұмыстардан, көрсетілетін қызметтерден) басқасына" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 58-бапта:

1-тармақтағы "және өндірістік қызмет үшін толығымен есепті кезең ішінде, ал маусымдық сипаттағы өндірістік қызмет үшін толығымен салықтық жыл ішінде нақты қалыптасқан шығындардан төмен болмауы" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақ алып тасталсын;

6-тармақтағы ", сондай-ақ нормативтерден тыс ысырап болған кезде табиғи монополияшылар үшін" және "және нормативтерден тыс ысыраптардың" деген сөздер алып тасталсын;

6-1-тармақтағы:

"және өндірістік қызмет үшін нақты қалыптасқан шығыннан" және "мен өндірістік қызмет үшін нақты туындаған шығындардың" деген сөздер алып тасталсын;

"20 проценттік ставка бойынша" деген сөздер "Қазақстан Республикасының аумағында осындай тауарларды өткізу кезінде осы Заңның 66-бабында белгіленген ставка бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Жылуды, электр энергиясын, суды және газды өндіру, тарату және тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулер бойынша салық салынатын айналым өзіне ақысы төленген сату жөніндегі айналымды, сондай-ақ сатқан кезден бастап 60 күн өткен айналымды қамтиды.

Машина жасау, химия өнеркәсібінің және резина мен пластмасса бұйымдары өндірісінің өнімдерін өндіру мен сату жөніндегі салық салынатын айналым өзіне ақысы төленген сату жөніндегі айналымды, сондай-ақ сатқан кезден бастап 90 күн өткен айналымды қамтиды.";

20) 60-бапта:

1-тармақтағы: "баждардың, салықтардың" және ", осы Жарлыққа сәйкес бұл тауарлар бойынша төленуі тиіс қосылған құнға салынатын салықтан басқасы," деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ алып тасталсын;

21) 61-баптың 1-тармағында:

2) тармақшадағы "инкассацияларды" деген сөз алып тасталсын;

18) тармақша "мекемелері" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары" деген сөздермен толықтырылсын;

19) және 20) тармақшалардағы "ұйымдар" деген сөз "заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) мынадай мазмұндағы 64-баппен толықтырылсын:

"64-бап. Тоқыма, тігін, былғары-аяқ киім өнеркәсібі салалары өнімдеріне салық салу

Қазақстан Республикасы аумағында тоқыма, тігін, былғары-аяқ киім өнеркәсібі салаларының өздері өндірген өнімдерін Қазақстан Республикасы резиденттерінің өткізуіне нөлдік ставкамен салық салынады.";

23) 66-баптың 2-тармағындағы "62, 63 және 65" деген цифрлар "62-65" деген цифрлармен ауыстырылсын;

24) 67-баптағы "1 және 2" деген цифрлар "1, 2 және 4" деген цифрлармен ауыстырылсын;

25) 73-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Осы Заңға сәйкес есепке алуға жатқызылмайтын қосылған құн салығы салық төлеушілер шығындарының (амортизация сомалары арқылы ғимараттар, құрылыстар, жеңіл машиналар бойынша) құрамына кіргізіледі.";

26) 75-баптың 4-тармағы "иесіз" деген сөздің алдынан "мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен" деген сөздермен толықтырылсын;

27) 77-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген акцизделетін тауарларға осы Заңның 76-бабының 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында аталған акциз ставкасы оның құрамында таза (жүз проценттік) спирттің болу мөлшеріне байланысты белгіленуі мүмкін.";

28) 80-баптың 1-тармағындағы "үш" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

29) Ү бөлімнің тақырыбы "және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін беру" деген сөздермен толықтырылсын;

30) 19-тараудың тақырыбы "салық" деген сөзден кейін "және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін беру" деген сөздермен толықтырылсын;

31) 87-бап "эмиссиясын тіркегені" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені" деген сөздермен толықтырылсын;

32) 88-баптағы "бастапқы және қосымша эмиссия кезіндегі" деген сөздер "бір эмиссиясының (бастапқы немесе кейінгі, оның ішінде сот шешімі бойынша акциялардың қосымша эмиссиясының)" деген сөздермен ауыстырылсын;

33) 20-тараудың атауы "эмиссиясын тіркегені" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені" деген сөздермен толықтырылсын;

34) 89-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркегені және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені үшін алынатын алым бағалы қағаздардың бір эмиссиясының жалпы номиналды құнымен:

бағалы қағаздардың бастапқы эмиссиясын тіркеген кезде 0,1 процент мөлшерінде;

бағалы қағаздардың келесі эмиссиясын тіркеген кезде (оның ішінде сот шешімі бойынша акциялардың қосымша эмиссиясын) 0,5 процент мөлшерінде;

мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін берген кезінде 0,1 процент мөлшерінде төленеді.";

35) 92-бапта:

1-тармақ "тіркеген" деген сөзден кейін "және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін берген" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеуден және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін беруден бас тартқан жағдайда, төленген алым қайтаруға жатпайды және бағалы қағаздар эмиссиясын келесі тіркеу кезінде немесе мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін келесі беру кезінде ескеріледі.";

3-тармақ "эмиссиясын тіркегені" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені" деген сөздермен толықтырылсын;

36) 93-бап "комиссиясын тіркегені" деген сөздерден кейін № "және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін бергені" деген сөздермен толықтырылсын;

37) 94-баптың 5-тармағының екінші бөлігі "Көп таралған пайдалы қазбаларды" деген сөздерден кейін "және (немесе) жер асты суларын" деген сөздермен толықтырылсын;

38) 96-1-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жер қойнауын пайдаланушылар жазылу жүргізілетін бонус бойынша декларацияны есепті айдан кейінгі айдың оны күніне дейін тіркеу орны бойынша аумақтық салық органдарына ұсынады.";

39) 97-1-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Жер қойнауын пайдаланушылар коммерциялық табу бонусы бойынша декларацияны коммерциялық табу жасалған жылдан кейінгі жылдың 10 сәуіріне дейін тіркеу орны бойынша аумақтық салық органдарына ұсынады.";

40) 101-баптың 3-тармағындағы және 104-баптың 2-тармағындағы "есеп айырысуды" және "есептерді" деген сөздер декларацияны" деген сөзбен ауыстырылсын ;

41) 104-7-баптың 3-тармағында:

"Заңды тұлғалар" деген сөздер "Салық төлеушілер" деген сөздермен ауыстырылсын

;

мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:

"14) табыс салығы салынған жалақы аударымдарынан қалыптасқан кәсіподақ бюджетінің қаражаттарынан кәсіподақ мүшелеріне арналған материалдық көмекке."

42) 104-9-бапта:

1-тармақ "Қазақстан Республикасы азаматтарының" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Шаруа (фермер) қожалықтарынан басқа, заңды тұлғалар құрмай кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар әрбір қызметкердің айлық есептік көрсеткішінің 49 проценті, сондай-ақ осы Заңға сәйкес шегеріс жасауға жатпайтын шығындардан басқа, табысты алумен байланысты шығындарды алып тастағандағы айлық табыстың қосымша 5 проценті немесе патент құнын белгілеу кезінде (патент негізінде кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар үшін) мәлімденген табысқа салық салу ұйғарылатын айлық табыс мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.

Шаруа (фермер) қожалықтары шаруа (фермер) қожалықтарының әрбір қызметкері, басшысы және шаруа (фермер) қожалықтарының әрбір мүшесі үшін айлық есептік көрсеткіштің 35 проценті мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.

6. Заңды тұлғалар, олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын жеке тұлғалар Қазақстан Республикасында еңбек етуге рұқсат бойынша уақытша жүрген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегіне ақы төлеу бөлігінде әлеуметтік салықты:

әрбір шетелдік маман үшін - 5 айлық есептік көрсеткіш;

әрбір шетелдік жұмысшы үшін - 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төлейді.";

43) 104-10-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен

толықтырылсын:

"Заңды тұлғаның шешімі бойынша оның филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері декларацияны оның орналасқан орны бойынша аумақтық салық органына ұсынуы және салық төлеуді дербес жүзеге асыруы мүмкін.";

44) 106-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Бірыңғай жер салығын төлеушілерді қоспағанда, меншігінде, тұрақты пайдалануында немесе бастапқы өтеусіз уақытша пайдалануында жер учаскесі бар заңды тұлғалар (оның ішінде резидент еместер), олардың филиалдары, өкілдіктері және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері және жеке тұлғалар жер салығын төлеушілер болып табылады."

45) 108-баптың 4-тармағында:

"0,12 гектарға дейінгі" деген сөздер "0,50 гектарға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"0,12 гектардан 0,25 гектарға дейінгі" деген сөздер "0,50 гектардан асатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"0,25 гектардан асатын жер алаңына - 0,01 гектар үшін 400 теңге" деген сөздер алып тасталсын;

46) 112-бапта:

1-тармақтағы "Павлодар 3,00 0,3" деген жол бойынша, "3,00" деген цифрлар "5,00" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2-тармақта:

"0,12 гектарға дейінгі" деген сөздер "0,50 гектарға дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"0,12-ден 0,25 гектарға дейінгі" деген сөздер "0,50 гектардан асатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

"0,25 гектардан асатын жер алаңына - 0,01 гектар үшін 400 теңге" деген сөздер алып тасталсын;

47) 123-баптың 3-тармағының 9) тармақшасы түзеу мекемелері деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі түзеу мекемелерінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары" деген сөздермен толықтырылсын;

48) мынадай мазмұндағы ҮІІ-І бөліммен толықтырылсын:

"ҮІІ-І Бөлім. Бірыңғай жер салығы

33-1-тарау. Бірыңғай жер салығы бойынша жалпы ережелер

125-1-бап. Салық төлеушілер

Жеке меншігінде немесе жер пайдалану құқығында жер учаскелері бар шаруа (фермер) қожалықтары бірыңғай жер салығын төлеушілер болып табылады.

125-2-бап. Салық салынатын объекті

Жеке меншігіндегі немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалатын жер пайдалану құқығындағы жер учаскесінің бағалау құны салық салынатын объекті болып табылады.

33-2-тарау. Салық төлеу

125-3-бап. Салық ставкасы

Бірыңғай жер салығы осы Заңның 125-4-бабында көзделген тәртіппен және

шарттарда жеке меншігіндегі немесе жер пайдалану құқығындағы жер учаскесін бағалау құнының 0,1 процент ставкасы бойынша жыл сайын төленеді.

125-4-бап. Салықты есептеу және төлеу тәртібі

1. Салық төлеушілер бірыңғай жер салығын инфляция мен салық ставкасына орай түзетуді ескере отырып, жеке меншігіндегі немесе жер пайдалану құқығындағы жер учаскесінің бағалау құнын негізге алып есептейді.

2. Есепті жылға арналған салық аумақтық салық органдарының келісімі бойынша төлемдерді бөле отырып, екі мерзімде:

есепті жылға арналған ұйғарылып отырған салық төлеудің кемінде 1/2 бөлігі - 1 қазанға дейін;

салықтың жалпы сомасының қалған бөлігі - есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін төленеді.

Салық төлеушілер есепті кезең аяқталғанға дейін бірыңғай жер салығының барлық сомасын алдын ала төлеуге құқылы.

3. Шаруа (фермер) қожалығының қызметі тоқтатылған жағдайда төленген бірыңғай жер салығы қайтаруға немесе қайта есептеуге жатпайды.

4. Салық төлеушілер бірыңғай жер салығы бойынша декларацияны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілеген нысан бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей ұсынады.

125-5-бап. Бірыңғай жер салығы бойынша есепті кезең

Бірыңғай жер салығы бойынша бюджетпен іс жүзінде есеп айырысу жөніндегі есепті кезең салық жылы болып табылады.";

49) 126-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін көлік құралдарына қажеттілік нормативтері шегінде бірыңғай жер салығын төлеушілер көлік құралдарына салық төлеушілерге жатпайды. Қажеттіліктің белгіленген нормативтерінен жоғары көлік құралдары бойынша салық осы бөлімге сәйкес төленеді.";

50) 128-бапта:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жеңіл автомобильдер:

қоса алғанда 1100*)-ге дейін	4,0
1100-ден жоғары - 1500-ді қоса алғанда	6,0
1500-ден жоғары - 2000-ды қоса алғанда	7,0
2000-нан жоғары - 4000-ды қоса алғанда	22,0

2-тармақтағы "1500-ден 2000 текше сантиметрге дейін" деген сөздер "1500-ден жоғары - қоса алғанда 2000 текше сантиметрге" деген сөздермен, "2000 текше сантиметрден жоғары - 4000 текше сантиметрге дейін" деген сөздер "2000-нан жоғары - қоса алғанда 4000 текше сантиметрге" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Көлік құралын пайдалану мерзімі техникалық паспортта (әуе кемесін жазғы пайдалану жөніндегі басшылықта) көрсетілген көлік құралының шығу кезінен бастап есептеледі.";

51) 129-баптың 4) және 9) тармақшаларындағы "бір автокөлік құралы" деген сөздердің алдынан "меншік құқығында бар" деген сөздермен толықтырылсын;

52) 131-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мүлікке қажеттілік нормативтері шегінде бірыңғай жер салығын төлеушілер мүлік салығын төлеушілерге жатпайды. Қажеттіліктің белгіленген нормативтерінен жоғары мүлік бойынша салық осы бөлімге сәйкес жалпы белгіленген тәртіппен төленеді.";

53) 132-баптың 1) тармақшасындағы "және жер салығы салынатын жер учаскелерін" деген сөздер алып тасталсын;

54) 133-баптың 1-тармағында:

"заңды тұлғалардың" деген сөздерден кейін ", олардың филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

"аталған қорлардың" деген сөздер "амортизацияланатын активтерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

55) 134-баптың 1-тармағының 6) тармақшасы "түзеу мекемелері" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі түзеу мекемелерінің республикалық мемлекеттік кәсіпорындары" деген сөздермен толықтырылсын;

56) 135-баптың 1-тармағында:

"заңды" деген сөзден кейін "тұлғалар" деген сөзбен толықтырылсын;

"Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын" деген сөздердің алдынан "Заңды тұлға құрмай" деген сөздермен толықтырылсын;

57) 138-баптың 1-тармағындағы үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің негізгі құралы болып табылатын немесе қызметі ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін жерді пайдаланумен байланысты,

сондай-ақ өздері өндірген ауыл шаруашылығы өнімін ұқсатушы заңды тұлғалар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі белгілейтін тәртіппен патент негізінде салық төлей алады.

Патенттің құнын есептеу кезінде бюджетке төленуге тиісті салық сомасы жер ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің негізгі құралы болып табылатын немесе қызметі ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін жерді пайдаланумен байланысты заңды тұлғалар үшін 80 процент кемітіледі."

58) 139-бапта:

1-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық төлеушілерді тіркеу және салықтық есептен шығару жүйесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі айқындайды.";

4-тармақта:

"Басқа салық төлеушілер" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен шұғылданатын резидент емес-заңды тұлғалар" деген сөздермен толықтырылсын;

"салық қызметіне" деген сөздер "аумақтық салық органына" деген сөздермен ауыстырылсын;

59) 142-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы "тексеруге" деген сөзден кейін "ол аяқталғанға дейін" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы тармақшаның ережесі, акцизделетін өнімді сатушыларды қоспағанда, патент негізінде тіркелген жиынтық салықты төлей отырып қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ Астана, Алматы қалаларындағы және 100 000 адамнан астам тұрғыны бар облыстық маңызы бар қалалардағы белгіленген стационарлық үй-жайларда бөлшек сауданы жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қолданылмайды.";

60) 145-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) жөнелтуді және (немесе) тауар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) үшін төлемді жүзеге асыратын салық төлеушілер салық қызметінің талабы бойынша жөнелтілген тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) құны және (немесе) атқарушыға төлеген сомасы туралы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген нысандар бойынша ақпарат беруге міндетті.";

61) 147-баптың 2) тармақшасында:

бірінші бөліктегі "салық қызметі органдарының" деген сөздер "аумақтық салық органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық төлеушінің банктік шоттарында теңге қаражаты болмаған жағдайда,

салықтар, айыппұлдар мен өсімақылар бойынша берешектерді өндіріп алуды салық төлеушінің банктік шоттарындағы шетел валютасы қаражаттарынан осы шоттарға аумақтық салық органдарының инкассалық тапсырмалары (өкімдері) негізінде төлем жасау күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шетел валютасына белгілеген теңге бағамын қолдана отырып, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен және шарттарда жүргізуге.";

62) 152-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Салық төлеушіден негізделген жазбаша өтініш алғаннан кейін аумақтық салық органының басшысы тиісті қаржы органының басшысымен келісе отырып, жергілікті бюджетке толық көлемде төлеуге жататын осы Заңда белгіленген салық және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін бір салық жылынан аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы.

Жергілікті атқарушы органның өтінімін алғаннан кейін салық төлеушінің тіркеу орны бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша осы тармақтың бірінші бөлігінде аталмаған, осы Заңмен белгіленген салық және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзартуға құқылы, бірақ бұл мерзім бір жылдан аспауға тиіс.

Салық және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Осы баптың 1-1-тармағында және осы Заңның 70-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, төлеу мерзімінің ұзартылуы салық төлеушіні салықты бюджетке уақтылы өткізбегені үшін өсім төлеуден босатпайды.

Салық төлеушілерге заңды тұлғалардың төлем көзінен ұсталған табыстарынан табыс салығын төлеу мерзімін ұзарту берілмейді.

Басқа адамға құқықтар ауысып берілген жағдайда салықты және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту құқығы ауыспайды.

Салық және (немесе) айыппұл санкцияларын төлеу мерзімін ұзарту салық төлеуші оларды төлеу жөнінде өздерінің міндеттемелерін қамтамасыз етуге кепіл берілгеннен кейін беріледі.

Салық органдары мен салық төлеушілер арасындағы кепіл қатынастарына осы Заңмен реттелмеген бөлікте кепіл туралы жалпы ереже қолданылады.";

мынадай мазмұндағы 1-2-тармақпен толықтырылсын:

"1-2. Акциялардың қосымша эмиссиясы туралы сот шешімі күшіне енген күннен бастап қосымша эмиссияланатын акцияларды орналастыру аяқталғанға дейін салық бойынша мерзімі өткен берешек соманың бөлігіне өсімақы есептелмейді.";

63) 154-баптың 2 және 3-тармақтарындағы "салық төлеушілердің банктегі шоттарынан" деген сөздерден кейін "(еркін өзгермелі айырбас бағамы режиміне көшуге

байланысты қайта ресімделген заңды және жеке тұлғалардың теңге депозиттерін қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

64) 163-баптың 2, 6 және 6-1-тармақтарындағы "100" деген цифрлар "50" деген цифрлармен ауыстырылсын;

65) 171-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

11) Салық төлеушілерден Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген нысандар бойынша электрондық құжаттар түрінде ақпарат алуға.";

66) 179-бап мынадай мазмұндағы 8 және 9-тармақтармен толықтырылсын:

"8. Осы тармақ күшіне енгізілген кездегі жағдай бойынша есептелген және төленбеген мерзімі өткен салық төлемдері бойынша өсімақыларды аумақтық салық органдары есептен шығаруға тиіс.

9. Осы Заңның 152-бабының ережелеріне қарамастан машина жасау, тоқыма, тігін, былғары-аяқ киім, резинадан және пласмассадан жасалған бұйымдарды өндіру немесе химия өнеркәсібі салаларындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың осы тармақ күшіне енгізілген кездегі жағдай бойынша пайда болған салықтарын және айыппұл санкцияларын (жергілікті бюджеттерге толық көлемде түсетін салықтар мен акциздерді қоспағанда) төлеу мерзімі, осындай қызметтен түсетін табыстар өсімақыны есептемей жиынтық жылдық табыстың көлемінде кемінде 51 процентті құраған жағдайда, 2003 жылдың 1 қаңтарына дейін ұзартылады. Осы тармақтың ережелері акцизделетін тауарларды өндіретін және (немесе) сататын және (немесе) импорттайтын заңды тұлғаларға қолданылмайды."

2. 1999 жылы 2 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Z990357_ Заңында:

1) 7-баптың 1) тармақшасының а) тармақшасы:

"бағалы қағаздардың эмиссиясын тіркеу" деген сөздерден кейін "және мемлекеттік тіркеуге жатпайтын акциялар эмиссиясының ұлттық бірыңғайландыру нөмірін беру" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы отыз екінші азатжолмен толықтырылсын:

"заңды (мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекеттік мекемелер мен коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда) және жеке тұлғалардың "Қазақстан" "Республика" "Ұлттық" деген сөздерді (түбір сөз, сондай-ақ олардың кез келген туынды сөзі түрінде) олардың фирмалық атауларында, қызмет көрсету таңбаларында, тауар таңбаларында пайдаланғаны үшін алым;"

2) 11-баптың 1) тармақшасының а) тармақшасы мынадай мазмұндағы он сегізінші азатжолмен толықтырылсын:

"бірыңғай жер салығы;"

3. 1994 жылғы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде K941000_ (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж, N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; 1998 жылы 30 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская Правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңды тұлғалар мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

38-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Заңды (мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекеттік мекемелер мен коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда) және жеке тұлғалардың "Қазақстан", "Республика", "Ұлттық" деген сөздерді (түбір сөз, сондай-ақ олардың кез келген туынды сөзі түрінде) олардың фирмалық атауларында, қызмет көрсету таңбаларында, тауар таңбаларында пайдаланғаны үшін алым салық заңдарымен белгіленген тәртіппен және мөлшерде төленеді.

4. Мемлекеттік органдар болып табылмайтын заңды тұлғалардың фирмалық атауларында, қызмет көрсету таңбаларында, тауар таңбаларында, Қазақстан Республикасының заң актілерінде, Президенті мен Үкіметі актілерінде белгіленген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ресми атауларына сілтемелерді пайдалануға тыйым салынады."

4. "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" 1998 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Z990359_ Заңында; (1998 жылы 19 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған 1999 жылы 2 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "1999 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 8 және 9-баптар алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күннен бастап күшіне енгізіледі, бұған осы Заңның 1999 жылғы 1 сәуірден бастап күшіне енгізілетін 1-бабының 1-тармағының 45) және 46) тармақшалары мен осы Заңның 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілетін 1-бабының 1-тармағындағы 50) тармақшасының екінші, үшінші және төртінші азатжолдары кірмейді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ